

## «Student Energy Challenge»байқауының ережесі

### Бірінші тур

1-қадам:

3 не 5 қатысушыдан тұратын команда құру. Финалға өту үшін төмендегі тақырыптардың бірін алдын ала таңдап алу қажет:

1. Отын-энергетика ресурстарын мониторингілеу;
2. Дәстүрлі емес көздерден баламалы энергия өндіру;
3. Тұрмыстық және коммерциялық мақсатта пайдаланылатын энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру;
4. Электр және жылу энергиясын тиімдірек пайдалану;
5. Көмірқышқыл газын азырақ өндіретін бастапқы энергия ресурстарын (мұнай, газ, көмір, уран) өндіру;
6. Электр энергиясын тасымалдау, өндіру, ғимараттарды салу, энергияны үйде немесе азық-түлікке пайдалану барысында көмірқышқыл газы шығарындыларын азайту.

**Назарыңызға: Тақырыпты видеорезюмеңі дайындау кезінде ауыстыруға болады.**

2-қадам:

Сауалнаманы толтырып, креативтік атау берілген өз командасын [kazenergyforum.com](http://kazenergyforum.com) сайтына тіркеу(KAZENERGYЖастар форумының тіркеуінде). Командада 3 не 5 адам болуы керек.

3-қадам:

«Жобалық командада жұмыс істеу»деген тақырыптағы вебинарға қатысу.

4-қадам:

Команданы тіркеу дедлайнның алған соң тұтас команданың түгел қатысуымен видеорезюме түсіру. Видеорезюмеңі тапсыру командаларды байқауға іріктеудің негізгі міндеті болып табылады. Креативтік ойлау қабілетін көрсете алған және шығармашылық тәсілдерді қолдана білген командалар байқаудың келесі турына өтеді. *Талантарға* сай видеорезюме бұл кезеңде **ӨЗГЕРТІЛМЕЙДІ**.

### Екінші тур

1-қадам:

Егер сіздер бірінші турдан өтсеңіздер, сіздерге жобаны ұсыну үшін Астана қ. шақырухат келеді. Команданың міндеті — жаңа немесе жетілдірілген технологияларды, өнім немесе қызмет түрлерін немесе мына салалардың біреуінде ғаламдық энергетикалық қиындықтарды шешуге көмектесетін өндірістік не коммерциялық сипаттағы ұйымдық-техникалық шешімдерді әзірлеу:

1. Отын-энергетика ресурстарын мониторингілеу;

2. Дәстүрлі емес көздерден баламалы энергия өндіру;
3. Тұрмыстық және коммерциялық мақсатта пайдаланылатын энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру;
4. Электр және жылу энергиясын тиімдірек пайдалану;
5. Көмірқышқыл газын азырақ өндіретін бастапқы энергия ресурстарын (мұнай, газ, көмір, уран) өндіру;
6. Электр энергиясын тасымалдау, өндіру, ғимараттарды салу, энергияны үйде немесе азық-түлікке пайдалану барысында көмірқышқыл газы шығарындыларын азайту.

2-қадам:

Шешімді/ұсынысты Жоба паспортының белгіленген форматында ұйымдастырушыларға электронды почтамен жіберу, кейіннен қағазға басып 3 данада Астана қаласына алып келу қажет.

3-қадам:

«Презентацияны қалай тиімді дайындауға және таныстыруға болады» деген тақырыптағы вебинарға қатысу.

4-қадам:

«Басты назар. Уақыт. Питч» деген тақырыптағы вебинарға қатысу.

### **Үшінші тур**

1-қадам:

Ұсынылған шешімдер/ұсыныстар алдын ала қазылар мүшесіне қарауға жіберіледі. Және презентацияларды бағалауға қазылар мүшесі – сарапшылар қатысады. Жоба паспорттары алдын ала командалардың қатысуынсыз жүргізіледі. Қазылар мүшесі қараған соң 8 команда байқауға әрі қарай жіберіледі, олар Астана қаласында өз жобаларын қорғайды және ІХ KAZENERGY Жастар форумы шеңберінде өз университеті атынан өнер көрсетеді.

2-қадам:

Команда қатысушылары іріктеу турына қатысу үшін және қазылар мүшесі алдында өз жобаларын қорғау үшін Астана қаласына 2017 жылдың 7-қыркүйегінде келуі қажет. Жобаны таныстыруға 15 минут уақыт беріледі, макеттер, сызбалар және т.б. қолдануға болады. Астана қаласына барып-қайту жолақысын команда қатысушысы **ӨЗ ЕСЕБІНЕН** төлейді.

3-қадам:

Барлық командалардың таныстыруларынан кейін қазылар алқасы 3 команданы таңдап алады, олар 2017 жылғы 8-қыркүйекте 1,2,3 орындар үшін бір-бірімен жарысады. Таныстыруға 3 минут уақыт беріледі.

4-қадам:

Жеңімпаздар 2017 жылғы 8-қыркүйекте жарияланады және ЭКСПО – 2017 аумағында өтетін KAZENERGY Жастар форумы шеңберінде марапатталады, бұл форумға Қазақстанның 300-ден астам жас көшбасшылары, ТМД елдерінің, сонымен қатар энергетикалық сектордың, бизнес пен мемлекеттік биліктің өкілдері қатысады.

### **Байқаудың басты күндері**

**2017 жылғы 22 мамыр— 5 маусым**

Командаларды тіркеу

**2017 жылғы 22 маусым**

Қатысушы командалардың видео-резюмесін ұсыну

**2017 жылғы 13 шілде**

Астана қ. финалда кездесетін 8 команда туралы шешімді жариялау.

**2017 жылғы 17 тамыз**

Командалардың жобалық жұмыстарын дедлайн таныстыру.

**2017 жылғы 7 қыркүйек**

Жұмыстарды қағазға бастырып ұсыну. Командалардың (8) өз жобаларын KE Жастар офрумының шаралары шеңберінде қорғауы .

**2017 жылғы 8 қыркүйек**

Байқаудың финалы. Командалардың (3) өнер көрсетуі. Жеңімпаздарды анықтап, марапаттау.

### **Уақыты**

Әр командаға өнер көрсету үшін бірінші күні (7-қыркүйекте) 15 минут және екінші күні (8-қыркүйекте) 3 минут уақыт беріледі.

### **Сыйлық қоры**

Жеңімпаз команданың қатысушыларына мына ұйымдастырушылар сыйлық береді:

- 1-орын – 10 000 евро + ғаламдық сарапшылар қатысатын техникалық/бизнес шеберлік класы (жеңімпаз команданың оқу орнының барлық студенттеріне арналған)
- 2-орын – 5000 евро + жарты күндік тәлімгерлік онлайн-курсы(команда қатысушыларына арналған)
- 3-орын – 3000 евро + екі сағаттық тәлімгерлік онлайн-курсы (команда қатысушыларына арналған)
- Барлық қатысушыларға «Шелл Қазақстан» компаниясы атынан қатысушы сертификаты мен сыйлықтар беріледі. Қатысушыға IX KAZENERGY Жастар форумына, XI Еуразиялық KAZENERGY форумына және «Шелл»«Энергетикалық зертханасы»павильонына шақыру билеті беріледі.

### **Ұйымдастырушылардың байланыс телефондары:**

Жумадилова Данара, тел.: 8 7172 79 01 74, эл.адрес:danara@kazenergy.com